

Белгілі тұрағы жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталықтарының қызметін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 99-п бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 29 шілде N 1204 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 25 желтоқсандағы № 498-ө-м бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 25.12.2012 № 498-ө-м бұйрығымен (01.01.2013 бастап күшіне енеді).

"Белгілі тұрағы жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімделу орталықтарын құру туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 16 наурыздағы N 408 қаулысын жүзеге асыру мақсатында **Бұйырамын:**

1. Мыналар:

1) Белгілі тұрағы жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімделу орталықтарының қызметін ұйымдастыру ережесі;

2) Әлеуметтік бейімделу орталығының шамамен алғандағы құрылымы мен қызмет көрсететін қызметкерлерінің штаттық саны қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген сәттен бастап күшіне енеді.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі В.М.Ивановқа жүктелсін.

Министрдің

міндетін атқарушы

Келісілді

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер Министрі

2000 ж. 1.06

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау ісі жөніндегі

агенттігінің төрағасы

2000 ж. 7.06

Бекітілді

Қазақстан Республикасының

Белгілі тұрағы жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімделу орталықтарының қызметін ұйымдастыру ережесі

"Осы Ереже Белгілі тұрағы жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімделу орталықтарын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 16 наурыздағы N 408 қаулысына сәйкес құрылатын Белгілі тұрағы жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімделу орталықтарының (бұдан әрі - Орталық) қызметін ұйымдастырудың тәртібін белгілейді.

1. Жалпы ережелер

1. Орталыққа орналастырылған белгілі тұрағы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген азаматтардың барлық құқықтарын сақтауға кепілдік беріледі.

2. Орталықтар белгілі тұрағы, жұмысы және күнкөріс қаражаты жоқ, медициналық және өзге де көмекті, әлеуметтік еңбекпен бейімдеуді қажет ететін адамдардың уақытша болуы үшін құрылады.

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 10 желтоқсандағы N 295-ө бұйрығымен.

3. Орталықтың қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына және өзге де нормативтік құқықтық кесімдеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

2. Орталықтарды құру

4. Орталықтар облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерінің шешімімен құрылады, қайта ұйымдастырылады және таратылады және Жарғының негізінде жұмыс істейді.

5. Орталықтар 100 мың адамнан астам халқы бар қалаларда құрылады. Олар мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық аумақтық органдардың келісімі бойынша облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері Орталықтың балансына берген, санитарлық-гигиеналық ережелер мен нормаларға, өртке қарсы талаптар мен техника қауіпсіздігі нормаларына жауап беретін үй-жайларда орналасады.

6. Орталықты жалпы басқаруды облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері жүзеге асырады.

7. Орталықтар өз жұмысын еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау, ішкі істер, денсаулық сақтау органдарымен, Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметпен, өзге де ұйымдармен тығыз байланыста жүргізеді.

3. Орталықтардың жұмыс істеуінің жағдайы мен тәртібі

8. Орталық үйінің ішінде:

- 1) еркектер мен әйелдерді, балалы әйелдерді жеке ұстауға арналған бөлмелер;
- 2) тамақ дайындауға және ішуге арналған бөлмелер (немесе асхана);
- 3) әкімшілік, кезекші, милиция, медицина қызметкерлеріне арналған бөлмелер;
- 4) жеке заттарын сақтау қоймасы;
- 5) кір жуатын орындар, санитарлық бөлмелер;
- 6) санпропускник, душ қабылдау бөлмелері, дезакамера;
- 7) оқшау бөлме болуға тиіс.

9. Қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету, қылмыстың және өзге де тәртіп бұзушылықтың алдын алу мен оның жолын кесу мақсатында Орталықта ішкі істер органдарының күшімен сөтке бойы полиция қызметі белгіленеді, оның жұмыс істеу жағдайы мен режимін ішкі істер органдары бекітеді. Полиция постары Орталық әкімшілігінің және облыстар мен қалалардың ІІБ арасындағы шарттар негізінде жергілікті атқарушы өкімет органдарының келісімімен белгіленеді. Полицияның кешенді күші нарядтарының бағыттары Орталық орналасқан жерге жақын болуға тиіс.

10. Орталық жұмысының режимін Орталықтың директоры жергілікті атқарушы өкімет органдарының келісімі бойынша белгілейді.

11. Орталықта тұрудың режимі Орталықтың директоры бекітетін ішкі тәртіп ережелерімен белгіленеді.

12. Белгіленген ережелерді бұзған жағдайда, қылықтың сипатына қарай кінәлі адамдарға қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін.

13. Орталық ай сайын облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне Орталыққа түскен және одан шығарылған адамдардың тұруы туралы әкімшілік белгілейтін нысанда есептеме ұсынады.

4. Орталыққа қабылдаудың және онда ұстаудың шарттары

14. Орталыққа адамдарды қабылдау сөтке бойына жүргізіледі.

15. Орталыққа белгілі тұрағы, жұмысы және күнкөріс қаражаты жоқ адамдар, соның ішінде осы аталған азаматтар санаттары қатарындағы бас бостандығынан айыру орындарынан босаған адамдар қабылданады.

Қабылдау жеке өтініші немесе еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, ішкі істер органдарының жолдамасы бойынша жүзеге асырылады. Бас бостандығынан айыру орындарынан босаған және белгілі тұрағы жоқ адамдар ішкі істер органдарының жолдамасымен қабылданады.

Жеке басын растайтын құжаттарды ресімдеуді Орталықтың орналасқан жеріндегі аумақтық ішкі істер органы азаматтардың жазбаша өтініші немесе Әлеуметтік бейімдеу орталығы директорының өтінімі бойынша жүзеге асырады.

16. Орталыққа түсетін әрбір адам міндетті түрде медициналық тексеруден және санитарлық өңдеуден, киімдері мен жеке заттарын дезинфекциялаудан өткізіледі.

17. Мынадай ауруларды:

1) туберкулездің асқынған сатысындағы;

2) жұқпалы ауруларды;

3) түсу сәтінде тәртібінде науқастың өзіне және айналасындағы адамдарға қауіпті көрініс байқалатын психикалық ауруларды;

4) алкогольдік, есірткілік заттармен мас болған адамдарды Орталыққа қабылдауға болмайды.

18. Жоғарыдағы аурушандық белгілері бар адамдар денсаулық сақтау, ішкі істер мекемелеріне жіберілуге тиіс.

19. Орталыққа жіберілетін адамдар өзіне өзі қызмет көрсететіндей болуы керек, қоғамдық пайдалы еңбекке, өндірістік шеберханалардағы жұмыстарға, Орталықтың іші мен аумағын жинастыруға, Орталық үйі мен оның аумағындағы құрылыстарды жөндеуге тартылуы мүмкін.

5. Әлеуметтік көмекті ұйымдастыру

20. Орталық белгілі тұрағы жоқ адамдарға әлеуметтік көмектің мынадай түрлерін көрсетеді:

1) түнеп шығу үшін төсек-жабдықтарымен қоса төсек береді;

2) тұрмыстық қызмет көрсетеді (жеке заттарын жуу мен өтектеу, аяқ киімін тазалау және т.б.);

3) зейнетақыларды, жәрдемақыларды ресімдеуге, айғақтамасы болған жағдайда мүгедектік тобын белгілеуге, қарттар мен мүгедектерге, жүйке

ауруларына арналған интернат үйлеріне жіберуге, басқа да әлеуметтік көмектер көрсетуге жәрдемдеседі;

4) қайырымдылық қорлары, демеушілер арқылы материалдық көмектер алуына, өздеріне бекітілген асханаларда тамақтануға талондар бөлінуіне жәрдемдеседі.

21. Орталықта тұратын адамдар қайтыс болған жағдайда оларды жерлеуді жерлеу бюросы жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен жүргізеді.

6. Медициналық көмекті ұйымдастыру

22. Орталық мынадай медициналық көмек көрсетеді:

- 1) қажетті алғашқы медициналық-санитарлық көмек;
- 2) санитарлық-эпидемиологиялық және эпидемияға қарсы алдын алу шараларын жүргізеді;
- 3) медициналық тексеру, санитарлық өңдеу жүргізеді;
- 4) қажет болған жағдайда денсаулық сақтау ұйымдарында жедел жәрдем көрсетуге жәрдемдеседі.

7. Еңбекпен оңалтуды ұйымдастыру

23. Орталық еңбек арқылы емдеуді жүргізеді, ол:

- 1) Орталық жанынан еңбек ету мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында өндірістік шеберханаларын ашуды;
- 2) жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган, еңбек делдалдығымен айналысатын кез келген меншік нысанындағы жеке және заңды тұлғалар арқылы қайта оқытуға немесе еңбекке орналастыруға жәрдем көрсетуді қамтиды.

8. Орталықтарды қаржыландыру

24. Орталықты қаржыландыру жергілікті қаражаттың есебінен және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінен жүзеге асырылады.

Ақша қаражаттарын жұмсау қатаң түрде бекітілген сметаға сәйкес жүзеге асырылады.

25. Бөлінген қаржы шегінде Орталықтың шығындар сметасын, құрылымын және штаттық кестесін облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері бекітеді.

9. Орталықтардың қызметін бақылау

26. Орталықтың қызметін осы Ереженің талаптарына сәйкес қамтамасыз ету мақсатында олардың қызметін бақылау үшін облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерінің шешімімен әкімшіліктің, еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау және ішкі істер органдарының өкілдерінен қамқорлық кеңестері құрылады.

27. Орталықтың санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы режимдерді сақтауын, мұқтаж адамдарға алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетуін бақылауды белгіленген тәртіппен денсаулық сақтау органдары жүзеге асырады.

28. Бөлінетін қаражаттың өз мақсатында пайдаланылуын бақылауды облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері мен тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асырып отырады.

Қазақстан Республикасы
Еңбек министрлігінің "Белгілі
тұрағы жоқ адамдарға арналған
әлеуметтік бейімдеу
орталықтарының қызметін
ұйымдастыру ережесін бекіту
туралы" 2000 жылғы 25 сәуірдегі
N 99 бұйрығына
Қосымша

Белгілі тұрағы жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу
орталықтарының үлгі құрылымы мен штаттық саны

NN ! Лауазымының атауы ! Штат бірлігінің саны
п/п

1 Директор 3
2 Бас есепші 1
3 Әлеуметтік мәселелер бойынша маман 1
4 Шаруашылық меңгерушісі 1
5 Кезекші әкімші 3
6 Фельдшер 3
7 Ғимаратқа қызмет көрсетумен
айналысатын жұмыскер (сантехник,
электрик) 1
8 Кір жуатын машинист 1
9 Дезинфектор 1
10 Тазалаушы-санитар 1
Барлығы: 14

Ескерту: Асхана болған жағдайда аспазшы мен асхана қызметкерінің штат бірлігі енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК